

## Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің құзыретін ұзарту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрі Бірінші орынбасарының 1995 жылғы 23 наурыздағы N 7-15-ө өкімі

1. Алдағы уақытта, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің міндеттері айқындалғанға дейін, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті (Қалмырзаев С.С.) өзіне жүктелген міндеттерді атқаруды жалғастыра береді және өзінің құзырына енетін шешімдерді қабылдайды.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті және Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы Ережелердің жобаларын белгіленген тәртіппен республика Министрлер Кабинетінің бекітуіне ұсынсын.

*Премьер-министрдің*

*бірінші орынбасары*